



Дастан ТАСЫБАЕВ, «Отбасы банк» АҚ Қызылорда облыстық филиал директорының орынбасары:

«Отбасы банк» тек баспана мәселесін шешпейді

«Өз үйім – өлең төсегім» дейтін жұрт үшін баспана жайы қашанда өзекті. Жылы да, жайлы пәтерде емін-еркін өмір сүруді кімнің болса да армандайтыны анық. Ал баспаналы болу үшін бүгінде мүмкіндік көп. Елімізде тұрғын үй мәселесін шешуде «Отбасы банк» АҚ жүйелі жұмыс істеуде. Осы орайда «Отбасы банк» АҚ Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары Дастан Тасыбаевпен банктің қызметі, баспана алуға мүмкіндіктер жайында сұхбаттасқан едік.

– Дастан Нұридінұлы, енді бір айdan соң жылды қорытындылаймыз. «Отбасы банктің» биылғы жосары қалай орындалды?

– Отбасы банк 2024 жылы өз қызметін табысты жалғастырып, тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін дамытуда айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізді. Депозиттер мен салымшылар санының өсуі бойынша 2024 жылдың алғашқы тоғыз айында банк 350 029 жана депозит ашты. Бұл азаматтардың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға деген ынтасын байқатады. Бүгінгі таңда «Отбасы банк» Қазақстандағы ипотекалық несиелердің 53 пайызын қамтамасыз етіп, экономикалық белсенді халықтың 29 пайыздан астамын жұмыспен қамтып отыр. Сонымен қатар банк әлеуметтік маңызы бар жобаларды жүзеге асырды. Оның ішінде «Ұмай» бағдарламасы аясында 3 661 қазақстандық әйел тұрғын үймен қамтамасыз етіліп, несиесі 41,3 млрд теңгені құрады. Тағы бір ерекше айта кетер жайт, 2024 жылы «Отбасы банк» тұрақты даму саласындағы жетістіктері үшін Sustainable Fitch агенттігінен «3» деңгейлі ESG рейтингін алды. Бұл банк қызметінің экологиялық, әлеуметтік және басқарушылық аспектілерге сәйкестігін растайды. Биыл жыл қорытындысы бойынша банк салымшылары 200 АЕК-ке дейінгі жинақ сомасына 20 пайыз мөлшерінде мемлекеттік сыйлықақы алады. Анығын айтқанда, салымшы 738 400 теңге жинақтаған жағдайда 147 680 теңге сыйлықақыға тең. Салымшылар 31 желтоқсанға дейін депозиттерін толықтырып, осы мүмкіндікті пайдалана алады. Жалпы алғанда, «Отбасы банк» 2024 жылы тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесін дамытуда және халықтың тұрғын үй жағдайларын жақсартуға нәтижеге қол жеткізді деуге болады.

2-БЕТТЕ

Бүгінде қымбатшылық қос бүйірден қысып тұр. Азық-түліктің қымбаттағанымен қоймай, коммуналдық қызметтердің бағасы шарықтап өсіп жатыр. Биыл коммуналдық қызметке төлейтін төлемдер түрлі бағытта өзгеріп, қымбаттағаны анық. Бұл қарапайым халықтың қалтасына әжептеуір салмақ түсіретіні белгілі.

ҚЫМБАТ ТАРИФ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУДА ҰТЫМДЫ ШЕШІМ БЕ?



Жарық пен судың жыл сайынғы қымбаттау себебін қарапайым халық түсіне бермейді. Осы мәселені саралап, жан-жақты зерттеп көрдік. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Жолдауында газ, су мен жылу тарифі жүйесіне «көп тұтынсаң – көп төлейсің» қағидатын енгізу мәселесін көтерген болатын. Сонымен қатар заңға әлеуметтік маңызы бар қызметтер деген ұғым енгізілуі шарт екені айтылды.

– Коммуналдық ресурстарды үнемдеу мәдениетін қалыптастыру – өте өзекті мәселе. Келесі жылдан бастап нақты ережелер енгізілуі тиіс. «Көп тұтынсаң – көп төлейсің» қағидатын басшылыққа алу қажет. Алайда тұтынушылар жеке монополистердің шырмауында жалғыз қалмауға тиіс. Заңнамаға әлеуметтік маңызы бар қызметтер деген ұғым енгізілуі керек. Оны мемлекеттік қызмет көрсету үдерісі сияқты реттеген жөн», – деді Президент.

2-БЕТТЕ

Аялаймын сені, Қызылорда!



Ақмешіт

3 желтоқсан
сейсенбі

№96 (2106)

2024 жыл

апталығы

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru



«ҚҰЛАГЕРЛЕР» ҚҰРДЫМҒА КЕТТІ МЕ?

Жылқы тұқымы азып барады. Ол кеше, бүгін айқындалған жағдай емес. Тектілігі қазақпен қатар жүретін жануарды дархан даланың иесі – қазекем сенімді серігіне айналдырған. Кешегі алыстарды жауда да, жолда да қалдырмаған «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақтың» бүгінгі тұқымы неліктен азды? Құлагер шыққан ортаның бүгінгі осалдығы неде болып тұр? Шама келгенше, тақырыпты тарқатып көрдік.

Президент көтерген мәселе

Қазаққа мінесе көлік, жесе ет, ішсе сусынға айналған Қамбар ата төлінің бүгінгі халі ел Президентін де ойландырып тастады. Өткен айда өткен ауыл шаруашылығы енбеккерлерінің форумында осы мәселені көтерген Қасым-Жомарт Кемелұлы бірқатар деректі ортаға салды.

– Мен Монғолияға сапарымда өте маңызды келіссөздер жасастым. Монғолия басшысымен бірге көптеген мәселені талқыладық. Екі көшпенді халықтың ұрпағы ретінде жылқы туралы да айттық. Монғол жылқылары аласа болғанымен, өте төзімді әрі ұзаққа шабады екен. Біз «Тегіміз – түркі, түлігіміз – жылқы» деп, арғымақты айрықша қадірлеген еліміз. Тұтас тарихымыз тұлпардың тұяғымен жазылған. Жалпы, қазақтың мінер көлігі де, ішер асы да жылқымен тығыз байланысты. Саумал мен

қымыздың сан түрлі дертке шипа екені баршаға мәлім. Қазір елімізде жылқы саны үздіксіз өсіп келеді. Бұл – жақсы үрдіс. Дегенмен асыл тұқымды жылқының үлесі бір пайызға да жетпейді, яғни 4,2 миллион жылқының 40 мыңы ғана асыл тұқымды. Сондықтан мал тұқымын асылдандыру жұмысына баса мән берген жөн, – деген еді Президент.

Ел тарихында ұлтымизбен бірге жасасып келе жатқан жылқының жабы тұқымы біздің табиғатымызбен үйлесім тапқан. Қостанай, Көшім және Мұғалжар тұқымдары да біздің қадемізге асады. Әйтсе де, асыл тұқымды жылқылардың саны санамызды сан-саққа жетелеп тұр.

– Мен бұған дейін Адай жылқысы Манғыстаудың баға жетпес қазынасы екенін айттым. Оны әлемге таныту үшін нақты шаралар қабылдауды тапсырдым. Қазір Адай жылқысы ресми түрде бөлек тұқым ретінде тіркелді.

Бұл арғымақтар Ұлы дала жорығында, басқа да аламан бәйгелерде топ жарып жүр. Қостанай жылқысы да мықты екені белгілі, алайда жоғалып кетудің аз-ақ алдында тұр, небәрі 280 бас қалды. Сондықтан жылқының санымен қатар, сапасын арттыру – маңызды міндет, – деген Мемлекет басшысы осы бағытта тиісті құрылымдарға тапсырма берген болатын.

Президент пәрменінің ішінде биылғы қазақ жылқысының тұқымын сақтау және көбейту үшін арнайы заң қабылданғаны да қуантады. Мұнан бөлек, Үкіметке тапсырылған міндеттің ішінде Жылқы шаруашылығы институтын құру да бар. Ал егер де осы бастамалар жалғасын тауып, орындалып жатса, қазынамызға айналған Қамбар ата төлі төрге озып, мерейіміз үстем бола түспек.

3-БЕТТЕ

КӨЛІК НАРЫҒЫ: отандық өнімге үміт арта аламыз ба?

«Ер қанаты – ат» деп білген қазақтың қанына мен жанына көліктің қай түрі де жат емес. Аттың күшін автокөліктерге ауыстырған технологияның жетістіктері нарықты жаулап қоймай, өзіміздегі өндіріске де себеп бола бастады. Бұған жыл сайын саны артып жатқан көлік сатып алушылар дәлел. Биылғы жылдың көрсеткіштері қандай? «Қазақстанда жасалған» көліктер қаншалықты сұраныста? Темір тұлпар өндірісі бойынша қай елдер көш бастап тұр? Осы сұрақтар төңірегінде тақырыпты тарқатайық.



«Тәй-тәй басып келеміз»

Көлікқұмар қауымның сүйікті автопорталы «Колеса.кз» сайтының тілшісі, алғашқы қазақтілді автожурналист, автоблоггері атасы Олжас Оқастың айтуынша, қазақстандықтардың көлігі жыл санап қалтаның қалыңдығына қарай өзгеруде.

– Көлігі бар адам қандай машинамен жүргенін үйде отырғанда терезеге қарап біле алады. «Көрпене қарай көсіл» демекші, әркім ақшасы жеткен көлікке мінеді. Баға да әртүрлі: 500 мың тұратын ресейлік тіркеудегі «ЛАДА»-дан G63 AMG-ге дейін. Халықтың басым бөлігінде сапалы, қымбат машинаға ақша жоқ. Дегенмен ресми статистика бойынша 2022 жылы Қазақстанға шетелден 63000 автомобиль кірген. Оған дейінгі көрсеткіш 10 мыңнан аспайтын-ды. Былтыр Қазақстанда сатылған жаңа автомобиль саны 120 мыңнан асты. Бұл 2021 жылғы сатылымнан 10%-ға көп. Ал білділетіндей арзан седанлар, компакт-кроссоверлер сұраныста болады деп ойлаймын.

Қазақтар негізінен Қытайдың көліктерін менсінбейді. Бірақ өзіміздегі көлік өндірісі ше? Кезінде корей көлігін де менсінбегенбіз. Ал қазір «Sonata», «K5», «Tucson» мен «Sportage» екінші бірі қол жетпейтін арман көрінеді. Қытайлармен де дәл сондай жағдай. Себебі әлемдік нарықта ханзулар ойып тұрып орын алуда. Қазір олардың өнімдері сапалы, жоғары технологиямен жасалған. Қазақ автопромы енді ғана «тәй-тәй» басып келеді. Бастапқыда SKD технологиясымен ғана жұмыс істеген зауыттар CKD-ге көшіп, майда торапты құрастыру әдісін меңгеріп жатыр. Модель саны да артууда. Мұның еш жамандығы жоқ. Өндіріс болса, зауыттағы жұмыс тоқтамайды, қызметкерлердің жалақысы төленеді, бюджетке салық түседі. Қазіргі таңда автомобильдер әлемнің түпкір-түпкірінде жасалатын компоненттерден құралады. Сондықтан «100% Қазақстанда жасалған көлік» болуы мүмкін емес. Бұл – жақсақ ұғым, – дейді ол.

3-БЕТТЕ

Баспасөз-2025

**АҒАЙЫН,
«АҚМЕШІТ
АПТАЛЫҒЫНА»
ЖАЗЫЛДЫҒЫЗ БА?**

Баспасөзге 2025 жылдың бірінші жартыжылдығына жазылу жүруде. Қаны қалмаңыз, сүйікті газетіңізге жазылуы ұмытпаңыз. Жекелер үшін 6 айға – 3000 теңге, мекемелер үшін – 4000 теңге. Баспасөзге қатысты сауалдарыңыз болса, мына нөмірлерге хабарласыңыздар: 40-05-81, 70-14-08.

Дастан ТАСЫБАЕВ, «Отбасы банк» АҚ Қызылорда облыстық филиал директорының орынбасары:

«Отбасы банк» тек баспана мәселесін шешпейді

– Халықтың баспаналы болуына мемлекеттік, өңірлік бағдарламаның үлесі қандай?

– Тұрғындарды баспанамен қамтуда мемлекеттік, өңірлік бағдарламаның тиімділігі зор. Мәселен, Қызылорда облысының жастарына арналған «Сыр жастары» бағдарламасы бар. Бұл бастама аймақ жастарын қолжетімді баспанамен қамтамасыз етуді мақсат етеді. Бағдарламаның негізгі шарты бойынша қатысушылардың жасы 18-ден 35 жасқа дейінгі Қазақстан Республикасының азаматы және соңғы екі жылда Қызылорда облысында тұрақты тіркеуде болуы қажет. Сонымен бірге кемінде 1 жыл жұмыс өтілі болуы тиіс. Бағдарлама аясында баспана 18 млн теңгеге дейін, 19 жыл несие мерзімімен беріледі. Сыйақы мөлшерлемесі жылдық 5 пайыз (ЖТСМ 5,2%-дан 5,7%-ға дейін). Басты талап бастапқы жарна қарыз сомасының 10 пайызын құрауы керек. «Сыр жастары» бағдарламасына денсаулық сақтау, білім беру, бюджеттік сала, мәдениет, спорт, жоғары оқу орындары мен ғылыми-зерттеу институттарының қызметкерлері, журналистер, әлеуметтік сала мамандары, ұлттық холдингтер мен компаниялардың жергілікті филиалдарының қызметкерлері, екінші деңгейлі банктер, құрылыс, қоғамдық тамақтану және қызмет көрсету саласының қызметкерлері қатыса алады. Өтініштер мен қажетті құжаттар электронды түрде «Азаматтарға арналған Үкімет» мемлекеттік корпорациясы арқылы cekeke.kz сайтында қабылданады. Бағдарламаға құжат қабылдау өткен жылы қазан айында басталды. Бүгінде бұл бағдарлама арқылы 100-ден астам жас отбасы жеңілдетілген ипотекалық несие алып, баспаналы болу мүмкіндігіне ие болды. Қызылорда облысында тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымын дамыту қарқынды жүзеге асуда. Соңғы үш жылда құрылыс көлемі 5 есеге өсіп, 2024 жылы 863 мың шаршы метрден астам тұрғын үй пайдалануға берілді. Облыс орталығының аумағы кеңейіп, жаңа шағын аудандар пайда болды. Сырдария өзенінің сол жағалауында 65 көпқабатты тұрғын үй салынып, 3 мыңға жуық отбасына баспана кілті табысталды. Жалпы Қызылорда облысында тұрғын үй құрылысы мен инфрақұрылымын дамыту бағытында кешенді шаралар қабылданып, халықтың баспана мәселесін шешуге айтарлықтай үлес қосылады. Сондай-ақ «Оттау» және «Наурыз» ипотекалық бағдарламасын да тиімді бағдарлама ретінде айтуға болады. Бұл бағдарлама бойынша соңғы 5 жылда өзінің және отбасы мүшелерінің атында үйі жоқ 35 жасқа дейінгі ел азаматтарына беріледі. Бастапқы жарна 20%, несие мөлшерлемесі 9%-ды құрайды. Қала, облыс орталығының тұрғындары үшін I, ал аудан, ауыл азаматтары II нарықтағы үйді ала алады. Қазіргі таңда «Отбасы банк» тарапынан ауылға, моноқалаларға басымдық беруде. Бұл ретте ауылға көпшісі келетін азаматтар үшін жоғарыда аталған бағдарлама мен «Асыл мекен» бағдарламасы тиімдірек. Соңғы бағдарлама бойынша бастапқы жарна ретінде 10 пайызын салса, 5 пайыздық мөлшерлеменен несие рәсімдеуге болады. Баспана алғысы келетін тұрғындар үшін мемлекеттік бағдарламаның игілігі зор.

– Жалпы көпшілік отбасы банк тек үй алумен байланыстырады. Банктің басқа да қызметі, мүмкіндіктері туралы айтаңыз?

– Иә, «Отбасы» банк ипотекалық банк болған соң көбі солай ойлайды. Бірақ «Отбасы банк» тек баспана мәселесін шешпейді. Мәселен, үй алумен қатар, білім алу үшін де ақша жинақтауға болады. Қазір «Ақыл» білім депозитін ашу арқылы балаңыздың болашақта білім алуын қаржыландыра аласыз. Яғни, 12 пайыз пайыздық мөлшерлеменен, одан бөлек мемлекеттен жалпы санатқа 5 пайыз, тұрмысы төмен отбасы үшін 7 пайыз сыйақы түседі. Осы орайда айта кету керек, «Ұлттық қордан» балаларға аударылатын қаражатты 18 жастан кейін осы депозитке салуға да болады. Одан бөлек, тұрғын үйді субсидиялауға да мүмкіндік бар. Егер сіз жалдамалы пәтерде тұрсаңыз, оның 50 пайызын өзіңіз, 50 пайызын банк арқылы мемлекет төлейді. Сондай-ақ «Дипломмен ауылға» бағдарламасы, жинақтаушы зейнетақы қорындағы жарнаны шекті мөлшерінен асқан жағдайда пайдалану қызметі де «Отбасы банк» арқылы жүзеге асырылады.

– Қоғамда «Отбасы банктен» ипотекалық үй алғанда азаматтардың депозитке жинаған ақшасына да несие пайызы қосылады деген әңгіме айтылып жүр...

– «Отбасы банк» («Бәйтерек» холдингінің еншілес ұйымы) тұрғын үй құрылыс жүйесін іске асырады. Бұл жүйе 80 жылдан астам уақыт бойы табысты жұмыс істеп келе жатқан Еуропа елдерінің тәжірибесінен алынған. Бұл елдегі қаржылық және экономикалық жағдайға қарамастан, азаматтарға тұрғын үй жағдайларын қолжетімді тәсілмен жақсартуға көмектесетін өзара көмек қасасының бір түрі. Қазақстанда тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі 500 мыңнан астам азаматқа тұрғын үй мәселесін шешуге көмектесті. Бұл жүйе – біреулер ақша жинап жатқанда, екіншісі несие алатын мүмкіндігі болады деген қағидат бойынша жұмыс істейді. Азаматтардың жинақтары «Отбасы банкке» 3,5 пайыздан 8,5 пайызға дейінгі қолжетімді мөлшерлемелер бойынша несие беруіне мүмкіндік береді (ЖТСМ 3,6%-дан басталады). Ипотекалық кредиттеу нарығында тұрғын үй несиесі бойынша мұндай мөлшерлемелерді тек «Отбасы банк» ұсынады. Салымшылардың жинақтары бұл жүйенің тұрақты және кемшіліксіз жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Төмен мөлшерлеме бойынша несие алу үшін

Басы 1-бетте



банк салымшысы депозитке кем дегенде үш жыл бойы несие сомасының 50 пайызын жинақтауы тиіс. Бұл тұрғын үй құрылыс жинақ жүйесі жұмысының міндетті талабы. Салымшылар ақшасын кемінде үш жыл жинауы, жүйе үшін жұмыс істеуі тиіс. Осы қаражаттың көмегімен банк басқа қазақстандықтарға баспаналы болуға көмектеседі. Үш жылдық жинақтау туралы талап болмайтын, бірақ қолында тұрғын үй құнының 50 пайызы бар қазақстандықтардың да «Отбасы банктен» несие алатын мүмкіндігі бар. Бірақ олар қалай болғанда да, тұрғын үй құрылыс жинақ ақшасы жүйесі туралы заңға сәйкес, үш жылдық жинақтау мерзіміне шыдамдылық танытуы тиіс. Сондықтан мұндай тұтынушылар өзінің қолда бар 50 пайызын банктен депозитке аударыды. Осы 50 пайыз жинақ шотында болған кезде оған банктің сыйақысы және 200 АЕК-тен аспайтын сомаға 20 пайыз мөлшерінде мемлекет сыйлықақысы есептеледі. Сондықтан бұл ақша тұтынушы үшін де жұмыс істейді. Тұтынушы өз депозитінің «жетілгенін» күткен уақытта банк оған аралық заем береді. Қарыз атауының өзі бұл уақытша несие екенін көрсетеді. Ол қажетті соманың 100 пайызы мөлшерінде беріледі. Тінінше, мұндай кредит бойынша пайыздар барлық берілген сомаға, яғни 100 пайызға есептеледі. Бұл жағдайда кредит бойынша пайыз жоғары, яғни 6,5 пайыздан 8,5 пайызға дейін болады (ЖТСМ 6,2%-дан басталады). Депозитке кем дегенде үш жыл тоғлғаннан кейін қарыз алушының осы депозиттегі ақшасының 50 пайызы аралық заемді өтеу есебіне жұмсалыды. Содан кейін ол тұрғын үй замына ауысады. Бұл дегеніміз, несие бойынша мөлшерлеме жылдық 3,5 – 5 пайызға дейін төмендейді (ЖТСМ 3,6%-дан басталады). Ал пайыз тек несие қалдығына есептеледі. Тек «Отбасы банкте» несие мөлшерлемесін төмендету опциясы бар. Бұл фактор қарыз алушы үшін «кредиттік шаршау» жағдайын болдырмайды. Несие беру кезінде банктің әрбір тұтынушысы шартқа және төлемдер кестесіне қол қояды. Кестеде несие үшін төлем бойынша барлық ақпарат – банктің сыйақысын, негізгі борышты, қалдықты төлеу мөлшері көрсетіледі. Сондай-ақ банк сыйақысының жалпы сомасы көрсетіледі. Яғни банк несие төлеу жөніндегі деректерді жасырмайды және қаржылық айла-амалдармен айналыспайды. Отбасы банктің барлық өнімдері мен қызметтері заң шеңберінде іске асырылады. Банктің пайдасына келетін болсақ, ол дивиденд түрінде жыл сайын жалғыз акционер – «Бәйтерек» холдингіне төленеді. Банкте қалатын пайданың бір бөлігі тұрғын үй төлемдерін алушыларға, ғалымдарға, 35 жасқа дейінгі жас қазақстандықтарға несие беруге жұмсалыды. Осылайша, биыл «Отбасы банк» өз пайдасының бір бөлігін өзінің «Оттау» бағдарламасын іске асыруға бағыттайды. Бұл бағдарлама 7 жылға жоспарланған және осы кезеңде банк 50 млн азаматқа тұрғын үй мәселесін шешуге көмектеседі.

– Бүгінде халыққа ең тиімді ипотекалық бағдарлама қандай?

– Отбасы банкте түрлі санат бойынша көптеген бағдарлама бар. Мәселен, тұрғын үй кезегінде тұрғындар үшін бұрынғы «Нұрлы жер», «Бақытты отбасы» бағдарламасын, атында үйі болса да 2-3 үйі алуға мүмкіндік беретін «50-50», «30-70» бағдарламасын айтуға болады. Баспаналы болғысы келген азамат өз санатын нақтылауы қажет. Өз санаты бойынша барлық бағдарлама тиімді деуге болады.

– Халыққа ипотекалық үй алу, депозитке ақша жинау, шот ашу сынды жұмысты көбіне банк кеңесшілері атқарады. Облыста отбасы банктің қанша кеңесшісі бар? Банк кеңесшісі болу үшін не істеу керек?

– Қазіргі күні облыс бойынша 60-қа жуық банк кеңесшісі бар. Олардың қазыретіне бұрын тек депозит ашу ғана болса, қазір несиеге де өтінім бере алады. Егер сіз несие алатын болсаңыз, банк бөлімшесіне барып, кезек күтудің қажеті жоқ. Қаладағы 5 кеңес беру орталығы бар. Сондағы кеңесшілердің көмегіне жүгінуге болады. Банк кеңесшілері қажет жағдайда жұмыс орныңызға барып та қызмет көрсете алады. Олар депозит ашқаннан бастап үй алғанша сізге көмек береді.

– Ақша жинамай үй алуға мүмкіндік бар ма?

– Өкінішке қарай, болмайды. Банктің бұрынғы атауына сәйкес жинақ болуы шарт. «Ұмай» бағдарламасы арқылы бұрын бастапқы жарнасыз үй алу мүмкіндігі қарастырылған еді. Қазір 20 пайыз бастапқы жарна салу міндеттелген.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан Айдаңа СЕЙІЛ

Бұл қағида 2025 жылы басталғалы отырған коммуналдық сектордағы ауқымды реформалардың бір бөлігіне айналуы керек. Осының негізінде биыл наурыз айында елімізде коммуналдық қызмет тарифі өсті. Жарық, жылу бағасы 25-30 пайызға қымбаттағаны байқалды. Бағаның бұлайша өсуін «тарифті инвестицияға айырбастау» деп түсіндірген еді мамандар. Коммуналдық қызметтерге байланысты жеті жылға жоспарланған бағдарлама аясында баға жыл сайын осы қарқынмен өсе береді. Үкімет бағдарлама аясында өңірлердегі тозған инфрақұрылымды жаңартып, тұрғын үй коммуналдық шаруашылық саласындағы (ТҚШ) жалақыны өсіруді жоспарлап отыр. Бағдарламаның негізгі мақсаты – тариф қымбаттаған сайын азаматтар үнемдеуді де үйренеді.

Жарық неге қымбаттады?

Осы жылдың қыркүйек айынан бастап елімізде электр энергиясының тарифі өзгертіліп туралы айтылған болатын. Тарифтің өсуіне себеп көп. Бастысы – сапалы қызмет. Ал көптің көкейінде бір сұрақ? Жарық неге қымбаттай береді?

Бұл инвестиция сомасы тозу денгейін 1,42 пайызға немесе 65,5 пайыздан 64,08 пайызға дейін төмендетеді.

Мәселен, ауылдағы қарапайым отбасының өзі бір айда тек жарықтың өзіне 16 мың теңге төлейді. Осы жерде айта кететін жайт, қыс мезгілінде жарыққа төлейтін төлемдер шамадан тыс көбейіп кетеді. Сондықтан да электрді үнемдеуді де ойлаған жөн. Айта кететін жайт, тұтынушыға энергияны үнемдеуді үйрету бағдарламасы саналады. Ол – жарықты мақсатсыз пайдаланбау, энергияны көп қажет ететін өнімдерден бас тарту.

Су шығынын азайтқың келсе, суды үнемде

Тарифті көтеру арқылы суды үнемдей аламыз ба? Сарапшылардың пікіріне сүйенсек, су бағасының қымбаттауы оны үнемдеуге әкеледі. Көп су пайдалансаң, көп төлейсің. Демек, су шығынын азайтқың келсе, суды үнемде.

– «Судың да сұрауы бар». Оны неғұрлым көп тұтынасаң, соғұрлым көп ақша төлейсің. Бұл – жұртты үнемшіл болуға үйрететін әділетті және қарапайым ұстаным. Дамыған елдердің тұрғындары әр нәрсенің қадірін біледі. Үнемшілдік олардың өмір салтына

16,02 пайызға төмендетуге мүмкіндік берді. Ал 2024 жылға көзделген 563 млн теңге инвестиция сомасы су бұру желілерінің тозу денгейін 1,83 пайызға немесе 18,9 пайыздан 17,07 пайызға төмендетуді жоспарлап отыр.

Су – тіршілік көзі. Суызы өмірімізді елестетудің өзі қорқынышты. Мамандардың есебіне сүйенсек, бір адам тұрғынға 500 литрге дейін су жұмсайды екен. Сондықтан да күнделікті өмірде суды үнемдеу үшін кейбір ережелерді есте сақтаған дұрыс. Тұрмыста қолданылатын қарапайым әдістер арқылы үнемдеуге болады. Қалай болғанда да суды үнемдеу бүгінгі заман талабы болып тұр.

Жемқорлықтың жолы кесілмесе, мәселе шешілмейді

Халық үнемдеп су ішіп, қымбат бағамен тариф төлеп отырғанда үнемделген ақша желге ұшпаса кім кепіл?

Бұл тұрғыда энергетика саласының сарапшысы Абзал Нарымбетов былай дейді: «Жемқорлықтың жол кесілмесе, қанша ақша бөлінсе де, тиімсіз жұмсалды. Қателеспесем, биыл 316 млрд теңге – ТҚШ-та, 180 млрд теңге ЖЭО-ны жаңарту

ҚЫМБАТ ТАРИФ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ЖАҢҒЫРТУДА ҰТЫМДЫ ШЕШІМ БЕ?



Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуаныртының мәлімдеуінше, бүкіл коммуналды сала: электр энергиясы, газ, су, қарыз, жылулық бағасы кезек-кезеңімен қымбаттайды. Себебі айлығы аз болған соң білікті мамандар басқа салаға кетіп жатыр. Коммуналдық тарифтер өсуінің тағы бір себебі – жылу электр станциялары, жылу желілері мен сумен жабдықтау жүйелерін жаңғырту. Кейбір өңірлерде инфрақұрылым 80 пайыз тозған.

Ал біздің өңірде мемлекеттік саясатты орындау мақсатында табиғи монополияларды реттеу комитетінің Қызылорда облысы бойынша департаменті мен облыстық энергетика және тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық басқармасымен бірлесіп 2023-2024 жылдар ішінде коммуналдық саладағы табиғи монополиялар субъектілерінің инвестициялық бағдарламалары қайта қаралып бекітілді. Департамент берген мәліметке сүйенсек, 2 жылға инвестициялардың жалпы сомасы шамамен 19 млрд теңгеге құраған.

Қазіргі уақытта жарықты онды-солды пайдалану қалтаңызға салмақ түсіруі мүмкін. Сондықтан әрбір тұрғын электр энергиясын үнемдеу қажет. Осы үнемдеудің нәтижесінде тозығы жеткен электр станциялары жаңарды. Департамент берген мәліметке сүйенсек, «Қызылорда электр тарату тораптары компаниясы» АҚ-ның 2023 жылғы 973,36 млн теңге инвестициялық бағдарламасы желілердің тозу денгейін 68 пайыздан 65,5 пайызға төмендетуге мүмкіндік берді. Ал 2024 жылға көзделген 1682,37 млн

Басы 1-бетте

айналған. Тіпті, су мен жылуды ысырап етпеуді балаларға жастайынан үйретеді. Біздің азаматтарымыз да осындай үнемшіл болуы керек. Әсіресе, суды үнемдеп тұтынуымыз қажет. Мен су тапшылығының артып жатқанын ұдайы айтып жүрмін. Сарапшылардың пайымдауынша, 2040 жылға қарай суға деген сұраныс 50 пайызға артады. Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін, – деді Ел президенті Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері жөніндегі кеңейтілген кеңесте. Қазақстан 2050 жылға қарай «суға өте мұқтаж» елдердің санатына кіруі мүмкін. Президенттің айтуынша, қазір елімізде 600 мыңнан астам адам ауызсуға зәру. Елімізде «Тарифті қалыптастыру қағидалары» деген заң аясында қабылданған нормативтік-құқықтық акт бар. Онда тариф қалыптастыру ережесі жазылған. Енді оған тарифтерді саралау бойынша жаңа механизм қарастырылып отыр. Бұл әлеуметтік нормалар деген ұғымға сай келеді.

Мәселен, халықты ауызсумен қамтамасыз етуде тұтынушылар төрт топқа бөлінеді. Су ресурстарын тұтыну мәдениетін арттыру және тұтынушыларды су мен жылуды үнемдеуге үйрету қазіргі уақыттың басты талабы болып тұр. Суға қымбат тариф төлегенмен, ол есепсіз кетпейді. Коммуналдық желілерді жаңғыртуға, реконструкциялауға, сондай-ақ негізгі құрал-жабдықтарды сатып алуға жұмсалатын болады. Осы жылдың ішінде «Қызылорда су жүйесі» МКК-ның 650,86 млн теңге инвестициясы ауызсу желілерінің тозу денгейін 18 пайыздан

мен жаңғыртуға бөлініп жатыр. ЖЭО-ге онысыз да жылына осыныша ақша бөлінеді. Бұған қоса 316 млрд БЖЗК қаражаты бөлініп жатыр. Мәселе ақшада емес, мәселе – қанша ақша бөлінсе де, ақшаны азайтамыз. Жылда қағаз жүзінде жаңғырту жасалып, ауыстырылды дейді. Бірақ жылда бір мәселе шығады. Неге? Себебі біріншіден, ақша өзінің мақсатты бөлінген жағына жұмсалмайды, екіншіден, тиімсіз жерге ақша бөлінсе, қағаз жүзінде аяқталды деп ресми құжат тапсырылды. Ақшаның жұмсалып бақылауын, қадағалауын, сапасын тексеретін бір орган болуы керек. Ақшаны бөлетін – Қаржы министрлігі, Үкімет, оны игеретін жергілікті әкімдіктер, ал тексеретін кім? Міне, осы мәселеге көңіл аудару керек – дейді сарапшы Абзал Нарымбетов.

Ал Сенат депутаты Сергей Ершов жаңа бағдарламадан Үкіметтің нәтиже болатынына күмәнданады.

– Үкіметтің сендіруінше, тарифтерді көтеру салаға инвестиция тартуға мүмкіндік береді. Бірақ «Тарифті инвестицияға айырбастау» бағдарламасы бұдан бұрын да, 2009-2015 жылдары жүзеге асқан еді. Алты жыл ішінде алауыттардың тарифтері екі есеге көтерілді, осы арқылы тұтынушылардан олар 1 триллион теңгеден астам қаражат жинап алды. Сонымен бір мезгілде энергия өндіруші кәсіпорындар инвестициялық міндеттемелерден босатылған. Ақыр соңында жылу-электр жүйесінің тозуы бұрын-соңды болмаған алапат ауқымға жетті. Меніңше, бұл айқын емес, қорruptionлық механизм. Бағдарлама күтілген үміттерді ақтамады. Ұлан-ғайыр қаржының кімнің қалтасында кеткені әлі күнге ашылмады, – дейді С.Ершов.

Әрине, нарықтық экономикада қызметтердің құны да нарыққа сай болғаны жөн. Алайда халықтың жартысына жуығы 50 мың теңгеге күн көретін елде тарифті көтеру беру әділетсіздік болады деп тұжырымдайды сенатор. Дегенмен қазіргі уақытта «Тарифті инвестицияға айырбастау» жаңа тарифтік саясаты жүзеге асуда. Олай болса, халықты қымбатшылық жан-жақтан қысып сенекісі. Ал Үкіметті коммуналдық желілердің тозуы да алаңдатып отыр. Сондықтан тарифті көтеру арқылы су мен жылулық, газ бен электр құрал-жабдықтары жаңарып, жақсарды дегенге сенейік. Сенбесе амал да жоқ.

Айтолқын БАТЫРБАЙҚЫЗ

Қаржы вице-министрі байланысқа шықты

Облыстық қазынашылық департаментінде ҚР қаржы вице-министрі Дәурен Темірбеков мекеме қызметкерлерімен бейнебайланыс арқылы кездесу өткізді. Жылына облыстық қазынашылық департаментінің басшысы Әуезбек Дүйсенбаев пен Қызылорда облысының ішкі аудит департаментінің басшысы Ербол Күзембаев қатысты.

Алдымен қаржы вице-министрі бейнебайланыс арқылы «Жаңа бюджет кодексі», «Халық қатысатын бюджет» және «Ұлттық қор – балаларға» жобасы бойынша қысқаша баяндама жасады.

– «Жаңа бюджет кодексі» бойынша Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша бюджет кодексі, бюджет заңнамасын жетілдіру жұмыстары жүргізілуде. Ал «Халық қатысатын бюджет» жобасы аясында бүгінде өңірлердегі азаматтармен келісім бойынша бірқатар жұмыстар іске асырылды. Мәселен, аула, балалар ойын, спорт алаңдары және аула шамдарын орнату,

ойын алаңдарын қайта жөндеуден өткізу, саябақ салу, аумақтар мен скверлерді көгалдандыру және автобус аялдамаларын орнату, арықтар мен суару жүйелерін жөндеу және тағы да басқа мәселелер қалпына келтірілді. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Жолдауында: «Ұлттық қор – балаларға» жобасын 2024 жылдың 1 қаңтарында іске қосуды тапсырды. Бүгінде 18 жасқа толмаған әр балаға 100,525 көлемінде қаржы аударылған. Онда 18 жасқа дейінгі балалардың саны 6919131-ді құраса, оның ішінде 304815-і 2024 жылы 18 жасқа толып кеткен, – делі қаржы вице-министрі.

Сондай-ақ бюджет саласындағы реформаларға, оның ішінде «Бюджеттік процессті жеңілдету», «Блоктық бюджет» элементтерін енгізу, «Ұлттық қорды пайдалануды шектеу» сынды негізгі бағыттарды жеткізді.

Мұнан соң департамент қызметкерлері мен тұрғындардың көкейіндегі мәселелерін тыңдап, сұрақтарына жауап берді.

Нәзира МҰҚАТАЕВА

КӨЛІК НАРЫҒЫ: отандық өнімге үміт арта аламыз ба?

Биыл қанша көлік өндірдік?

Әлемде жыл сайын 60 миллионнан астам жеңіл автокөлік шығарылады, ал көліктердің жалпы өндірісі 85 миллионнан асады. Көлік шығаратын зауыттар әр елдерде 4 миллионнан астам адамды жұмыспен қамтамасыз етіп, ЖКО-нің 10%-ын құрайды. Автокөлік өндірісі үш маңызды бағытты қамтиды: өнеркәсіпті дамыту, мобильділік және адам капиталды дамыту. Осылайша, әртүрлі елдердегі автокөлік өнеркәсібінің өсуі факторлардың жиынтығының нәтижесі: халық санының өсуі, азаматтардың әлауқатын жақсарту, жалпы барлық процестерді автоматтандыру деңгейін арттыру, экологиялық проблемалардың туындауы, табысты халықаралық ынтымақтастық, локализация деңгейінің жүйелі түрде жоғарылауымен байланысты. Мұның бәрі Қазақстан үшін де, еліміздің автокөлік өнеркәсібі үшін де өзекті.

Қазақстандық автокөлік өнеркәсібі де 2003 жылдан бастап елімізде жылына 3-4 мың ғана «Нива» маркалы автокөлік құрастырудан бастап, бүгінгі күнге дейін іс жүзінде ұзақ жолдан өтті. Осы жылдар ішінде елімізде жеңіл де, жүк



Көш басында қытайлықтар

көліктері де, арнайы көліктер, автобустар, ауылшаруашылық техникаларын құрастыратын және т. б. өндіріс орны ашылды. Қазақстанға шетелдерден бірнеше брендтер келді. Еліміздегі негізгі зауыттар – Қостанай, Алматы, Семей және Кокшетауда.

Жақында кезекті Үкімет отырысында көлік өндірісі талқыланды. Саланы дамыту үшін 2028 жылға дейін бекітілген кешенді жоспар бар. Бұл жобаларды іске асыруға жыл сайын 60 млрд теңге бөлінуі тиіс. Қомақты қаржы мыңға жуық кәсіпорын ашып, өндірісті экономикалық ахуалды жақсартуға сеп болуы керек еді. Алайда тиісті шаралар атқарылмаған.

– Дәл қазір бізде министрлік деңгейінде ешқандай инвестордың қызығушылығы жоқ. Бірақ кәсіпорынға байланысты әлі сот жүріп жатыр. Сот аяқталғаннан кейін осы кәсіпорынның, ғимараттардың, жер телімдерінің иелерін анықтаймыз.

Былтыр көлік нарығына 621 млн доллар тікелей инвестиция тартылған. Бұл бұрын-соңды болмаған көрсеткіш. Ал отандық кәсіпорындар биыл 82 мыңнан астам жеңіл көлік шығарды. Десе де, импортталған автомобильді сатып алушылар да аз емес. Үкімет басшысы осы ретте отандық өнімді қолдауға шақырды. Олжас Бектенов әлемдік стандарттарға сай келетін көлік құралдарын шығаруға еліміздің қауқары жетеді деп есептейді. Оған бүгінде қолданысқа енген отандық аккумулятор, трансформаторлар мен кабель, локомобильтер дәлел, – дейді ҚР Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев.

Министрдің айтуынша, биыл 9 айда елдегі кәсіпорындар 82 мыңнан астам жеңіл көлік шығарған. – 2028 жылға қарай отандық машина жасау өнімдерінің көлемін екі есе арттыруды жоспарлап отырмыз. Бүгінде елімізде өңдеу өнеркәсібінің экономикадағы үлесі тау-кен саласынан асып, тұрақты өсім көрсетіп отыр.



Өз кезегінде машина жасау саласы өңдеу өнеркәсібінің 20 пайыз үлесін алады. Саладағы 4 мыңға жуық компанияда 120 мыңнан астам адам жұмыс істейді, – деді министр.

Басы 1-бетте

болды. 2018 жылға қарай жылдық өнім бір миллион данаға жетті, ал 2022 жылға қарай жылдық өнім 5 миллионға жеткен. Жыл бітуде әлі бір жарым ай бар болса да биліктің өндірілген жаңа энергетикалық көліктер саны 10 миллион бірліктен асып түсті. Мамандар бұл сан жыл соңына дейін 12 миллион көліктен асады деп болжап отыр.

Айта кетейік, көлік желісінің ұзындығы 6 млн шақырымнан асатын Қытайда бүгінде 440 млн көлік бар, оның 345 млн-ы жеңіл автомобильдер. Өткен жылдың қорытындысы бойынша көлік инфрақұрылымына салынған инвестициялардың күнделікті көлемі 10,7 млрд юаньды құраған. Бұл Қытай үшін жаңа рекорд. Қытайда қоғамдық көлік желісі қала тұрғындарының 90%-ына қызмет көрсетеді. Бұл АҚШ, Австралия және Африканың ірі қалаларына қарағанда әлдеқайда жоғары көрсеткіш.

Аделина РАХМАН

«Ауру – астан, дау – қарындастан»

Қазір елде бұрын-соңды көрмеген мал аурулары бар. Биіге құлын ермей, ұрғашы малын пышпаққа іліп жатқандар да көп. Экологиядан көре салу оңай, бірақ бұрын да осы табиғатта өскен төрт түлкітің бүгінгі көрінісі ойландырып тұстайды.

– Мұның бір-ақ жауабы бар, – деді алысқа көз тастаған ветеринар-ғалым. – Бұрын, рас мал ондай көп ауырмайтын. Өйткені жазда жайлауға, қыста қыстауға көшкен малшылар мал мен ауру арасындағы тізбекті үзіп отыратын. Бір жерде тұрап қалған малға мың дерт жабысады. Көшіп-қонып жүру керек. Бір сөзбен айтқанда, бізде зооветеринариялық мәдениет қалыптаспаған. Көшу – аурудың жолын үзу.

ТІЛШІ ТҮЙІНІ.

Токпақтай беріп, қайтеміз, тобықтай түйінін айтсақ, қостанайлық жылқы тұқымын өсіруге маманданған «Қазак тұлпары» серіктестігінде жүзге де жетпейтін асыл тұқымды жылқы қалыпта. Ал Сырдағы 3,2 мың асыл тұқымды жылқының да нақты түр-түсін білетіндер айтпаса, оған да сеніммен қарау қиын. Өйтсе де, теория мен қағаз нақты сенімге жетелемейді, жағдайдың шын көрінісі – тәжірибе. «Құлагерлер» құрлымға кете ме, тұғырға шыға ма, ол жағын келер күннің еншісіне қалдырайық.

Дәулет ҚЫРДАН



«ҚҰЛАГЕРЛЕР» ҚҰРДЫМҒА КЕТТІ МЕ?

Президент азайды дейді,
басқарма көбейді дейді.

Кімдікі дұрыс?

Астанада айтылған мәселе Сырда қалай екен? Өңірдегі ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының мәліметінше, 2024 жылдың I қарашасына 417,8 мың бас мүйізді ірі қара, 811,4 мың бас қой мен ешкі, 251,6 мың бас жылқы, 65,3 мың бас түйе және 119,5 мың бас құс тіркелген. Есепті кезеңде 29 мың тонна ет (тірі салмақта), 38,1 мың тонна сүт және 6,2 млн дана жұмыртқа өндіріліп, өткен жылмен салыстырғанда әлдеқайда өсім бар екені айқындалып отыр. Ал негізгі тақырыпқа келсек:

«Мемлекеттік қолдаудың нәтижесінде облыста асыл тұқымды малдың басы артып келеді. Облыс бойынша 2024 жылдың I қантарына асыл тұқымды мүйізді ірі қараның саны 15,6 мың басты (үлес салмағы 4,0%), асыл тұқымды қойлар 185,0 мың басты (үлес салмағы 25,3%), асыл тұқымды жылқы 3,2 мың басты (үлес салмағы 1,4%), асыл тұқымды түйе 0,3 мың басты (үлес салмағы 0,5%) құрады», – делінген басқарма мәліметінде.

«Асыл тұқымды жылқы қағазда ғана тұр...»

Сырдағы жылқы ұстайтын көп азамат ветеринария ғылымдарының кандидаты Дәулет Ибрагимовты жақсы таниды. Бүгінде ол «Қазақ ғылыми-зерттеу ветеринария институты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің «Оңтүстік Қазақстан ветеринария ғылыми-зерттеу стансасы» филиалында аға ғылыми қызметкер болып жұмыс істейді. Бойдағы білімін кәдеге асырып, елдің ықыласына бөленіп жүрген азамат. Оның айтуынша, осы күні асыл тұқымды жылқы деген ұғым тек қағазда ғана тұр.

– Жоба атауын «Асыл тұқымды мал басын арттыру» деп нықтап, жеңілдетілген несие, қайтарымсыз грант, субсидиялар алады. Бұл жерде мынаны қаперге алу керек, бұрын өңірде асыл тұқымды мал шаруашылығы деп бір шаруашылыққа статус беретін. Кейін осы іспен айналысқысы келгендер тұқымды әлгі шаруашылықтан алатын болды. Ал қазір бұл статусты шаруашылыққа емес, мал басына беретін болды. Сонда есептенің, мың бас асыл тұқымды жылқы болса, мың статус бар деген сөз. Енді былай зерттейік, асыл тұқымды мал басын арттырамыз дегендер ол тұқымды қайдан алады? Бізде жоқ қой. Міне, атам заманда өліп қалған бір асыл тұқымды жылқының құжатын тауып алады да, өзінің үйірдегі жылқысына рәсімдей салады. Сосын тағы бір мәселе, асыл тұқымды жылқы алып, оны бордақылқайтын да жобалар бар. Оны бордақылқанда кімге пайда? Ол үш ай бағымда тұрып, сойылып кетеді. Не ұрпағы да қалмайды. Ол көбейту емес қой, – дейді Дәулет Ибрагимов.

Біз бұл жағдайды тексермекке ватсап желісіндегі мал шаруашылығының топтарына «Асыл тұқымды жылқылар сатып аламын» деп

Басы 1-бетте



хабарландыру бердік. Көп ұзамай-ақ, Қызылорда қаласының аумағынан «Құжатсыз мұғалжар жабағылары мен тайлары бар» деп, бірнеше азамат хабарласты. Құжатымен де бар екен, тайлары миллион теңге тұрса, биелері құжатсыз 1,5 млн, құжатымен 2 миллион теңгеден басталады. Ал айғырларының бағасы тіпті бірнеше миллиондардың басын айналдырып жібереді.

Құжат та саудаға түскен кезеңде біздің өңірде асыл тұқымды жылқы шаруашылығы деп жоба ашып, оның қаржысын алғандар қалай амалдар екен?

– Аралдағы бұрынғы «Құланды» жылқы зауытының ізін алып қалған кәсіпкерде мұғалжардың құланды түрі бар еді... Қазір хабарым жоқ, бір болса, сонда ғана бар, – дейді ғалым.

Жаңа тұқымға дейін қолда барды сақтап қалу да – үлкен күш

– Президент Жылқы шаруашылығы институтын құруды тапсырды. Ол – өте жақсы бастама. Бірақ бізде маман мәселесі қалай болады екен?! Мені осы ойландырады. Институт ашылғаннан кейін онда қыруар жұмыс болады. Ол үшін білікті мамандар керек. Біраз уақыт бұрын бір мемлекеттік колледжде жұмыс істедім. Бір күні мұғалімдердің сабақ жоспарын қарасам, «Жылқыдағы тейлериз ауруының алдын алу» деген тақырып бар екен. Айналайын-ау, тейлериз – өт ауруы, ол сыырда болады. «Жылқыда өт жоқ» деген сөз қайдан шыққанын қарауға болады ғой. Әлгі мұғалімге осыны айтсам, күледі. Міне, осындай мұғалімдер маман тәрбиелеп жатыр. Теория бар, практика жоқ. Ал біз сонда қандай маманға сенім артатымыз? – дейді Д.Ибрагимов.

Ғалым жана түрді ойлап табуын қажеті жоқ екенін айтты. Қазір бар күшімізді осы түрді аман сақтап қалу жолына жұмсау қажеті туындап тұр.

– Асыл тұқымды жылқылар деп көп жағдайда ағылшын, араб тұқымдарын айтады. Олар біздің ыстық-суыққа, маса-сонаға шыдамсыз келеді. Терісі жұқа болады. Осы тұқымнан айғыр болса, ол жаны қиналғанда үйірді тастап, кетіп қалады. «Байтал түгіл, бас қайғы» деген сөз тура осыларға қаратып айтылған тәрізді. Қолдан буландырып шығарған соң оларда ауруға төзімділік, тектілік тәрізді қасиеттер қалмайды, тек жүйріктігі ғана сақталады. Оларда өзінен шыққан құлындар айғыр бола алмайтын қазақы жылқылар тәрізді тектілік болмаған соң, бір-бірімен шағылыса береді және бара-бара тұқым азып кетеді, – дейді білікті маман.

Ауылда әрбір күні аттың үстінде өтетін ағамыз Серік Ақышев бұл ретте де өзінің пікірін білдірді. Ол жылқы тұқымын азырып алмаудың қамымен біраз ізденетінін айтты.

– Мәселен, айғыр ауыстыратын кезде жылқының шыққан аумағын білу керек. Бір-біріне жақын ауылдардың өрісі бір. Сондықтан сіз салайын дерт жатқан үйірден шыққан болуы да ғажап емес. Араға бірнеше ауылды тастап, алыстау жерден алып салған дұрыс. Қазір көпшілік жылқы тұқымын жаңартпайды. Соның салдарынан жылқылардың майлаланып бара жатқаны жасырын емес. Үйір ұстайтын азаматтар осыны есте сақтаса дұрыс. Бірақ Мұғалжар тұқымы біздің өңірге жерінебейді. Ол жақта ашық дала, біз жақта қалың тоғай. Маса-сонасы да бөлек. Сондықтан ірі болады, сүтті болады деп климаты өзгеше аймақтардан мал аламаған абзал.

Ал кешегі Президенттің Жылқы шаруашылығы институтын құру бастамасын қолдаймын. Өйткені қазақ қазақ болғалы ат үстінде келеді. Осы құндылығымыздан айырылып қалмауымыз керек, – дейді Серік Дауылбайұлы.



Бастықсыз адам көрдің бе? Мен өзім көрсем, көзіме сүйел шықсын. Аяқ-қолы балғадай, тепсе темір үзетін жігіт өмір-бойы қатын алмай кетуі мүмкін. Алма мойын, аршын төс, айдай ару қыз тиерге бай таппауы мүмкін. Ал бар ғой, кез-келген жұмыр басты пенденің әйтеуір күнделікті көзден шұқып, құлақтан соғып отыратын бір бастығы болуы – қатып қалған заң. Бәріңіз де бес саусақтай білесіздер. Бастық деген өзінен құрығанда бір бас жоғары тұратын пәтшағар. Бастықтың аузынан шыққан әрбір сөз – қарамағындағылар үшін «сол мекемедегі қалыпты тірліктің бұлжымас ережесі».

Айтпақшы, бастықтың да бастығы бар. Сондықтан бастығының жаландаған тіліне бірден жалауып қоюды ұмытпассыз. Ол тоқ болса, құда да тыныш, құдағай да тыныш. Өйткені ол өзінен жоғарыдағыларға көсіп асатын отырады. Қалтасы тесік болса, астындағы жұмсақ кресло жылжып кетіп, аузы аппақ болып қалуы бір-ақ күнде.

Тұзым жеңіл ме, әлде салымым солай болды ма, мен өмірімде жұмыс орнымды жыл құрғатпай өзгертіппін. Екі еңбек кітапшасын аузы-мұрнынан

«Сыбырлағанды құдай да естиді» дейді емес пе, басқаны қойғанда әкім-қаралардың өздері де машиналарын жіберіп, кабинеттеріне шақырып алатын болып жүр. Бесенеден белгілі ғой, олардың да төбесінен қарап, андасанда тоқпақтап отыратын «зопармандары» бар. Көбіне-көп, жоғарыдан мықтылар келді деген күні менің аяғымды жерге тигізбейді. Менің сәуегей «болжамдарыммен» қаруланған олар енді білек-жеңдерін түріп, өлмес тірліктеріне алаңсыз кіресіледі.

Орайы келді ғой, енді мен бастықтардың «пародалары» туралы кіріспе әңгімеді айтып айтып кетпесем, дұрыс болмас.

Үшпа бастық – артында сүйеуі нашар, өз маңдай терімен, жиған-терген білімімен тіртінкестеп әзер көтерілген пақыр. Жұмысын тасты-аяқтай қағыстырғанымен де, жоғарыдағылар оны жыл аралатпай, ана жерге бір қояды, мына жерге бір қояды. Былайша айтқанда, құйрығы жер ісікпейді. Көбінесе, айқай-шуы арылмайтын мекемеге отырғызып, екі отын арасына салып қояды. Кейін біреуге алғи орын керек болса, екінші жерге ығысыра салады. Өмір-бақи бір доғалбастардың шала бүлдіріп, былықтырып кеткен жұмыстарын орнына келтіріп, мұрны терлейді де жүреді.

Қызба бастық – бұның қай кезде «алаулы», қай кезде сау екенін адам айырып болмайды. Бұқа көзі қызарып, бетінің қаны сыртқа теуіп тұрады. Әр сөзін «қырам-жоғаммен!» бастап, қарамағындағылардың жер-жебіріне жетіп, титықтатып барып, сөзінің соңын «өзімсініп, жаным ашығасын айтамын» деп жуып-шайып аяқтайтын әдеті бар. Сондықтан да кабинетіне кіретіндер ауыздағы хатшы қыздан: «Бүгін ауа райы қалай?» деп бастықтың қас-қабағының «прогнозын» сұрап тықпақтап жүреді. Өйткені ол бір қызып, бір суып отырады. Бар жұмысыңды оның пәті қайтқан кезінде, келесі қызған сәтіне дейін бітіріп алуың керек. Бірақ сайтан иектеп артық ауыз бірдене айтып, аяқ астынан қыздырып алып жүрме. Ал сәті түссе, кейде өзін оңашалап, шыны шылдыратып, қолмен «қыздырып» алып, шаруанды тас қылып, күрең шай ішкендей мамыражай болуына да болады.

Үрей бастық таңертеңнен кешке қайтар-қайтқанша «Ойбай, келіп қалды, келіп қалды» деп жатыр. Жанымызды суырып алады. Сендер үшін мен жұмыстан кете алмаймын. «Жаудың алдын алу керек. Жинаңдар. Жинамасақ болмайды». «Үйге кірген жыланның да басына ақ құйып шығарады...» деп қаралай үрейленіп, өзгелердің де зәре-иманын алып, құйрығы бір уыс болып,

Бастық болғың келе ме?



шығарып, әлдеқашан толтырып тастағанмын. Талай бастықтың қол астында нопақа айырғанымыз білетін бір қу жақ құрдасымың тілімен айтқанда, «шықпаған тауым жоқ, отырмаған сайым жоқ». «Көре-көре көсем боласың, сөйлей-сөйлей шешен боласың» дегендей, бастық атаулымен көп істес болған соң да, жасыратыны жоқ, олардың тірлік-тынысын бүге-шүгесіне дейін «беске» білемін. Ішек

қырындысына дейін ақтарып сала аламын десем, құдай ақына, өтірікші болмаспын. Осы күні сол «білген-түйгенімді» елеп-екшеп, таразыға салсам, бір қарағанда бірінің аузынан бірі түскендей көрінетін тонай бет бастықтардың әлденеше түрі болатынына көзім жетті. Жиылып жұрт отырған жерде бастық біткеннің «мінездемесін» саудыратып айтып отырамын. Көп білгесін, көп көргесін сол ғой. Әлгі «лекцияларым» біреулерге ұнай бастады-ау деймін. Әрі-беріден соң, өз бастықтарының «сырын» сұрап, жолдас-жора, көрші-көлем, тамыр-таныстар босапайтын болып жүр.

– Бір түсімі мол орынға талпынып едім. Болашақ бастығым әр барған сайын «тәк, көрерміз» деп ыңыранып қояды. Мұны қалай түсінсем екен? Басым қатты, – деп құрдасым Бегімбай келді қайбір күні.

– Бастығым аузы қисайып: «Күйеуім қайда істейді?» деп сұрап қоймайды... Не шаруасы бар, а? – деп келді Айшагүл деген сылқым сұлу.

– Қит етсем, түсінік жаздыратын болып жүр. Бұған не көрініп қалды. Бұрындары бастығым ондай-мұндайды елемейтін-ақ еді, – деп көзі ұясынан шыққан Томан досым анылап, үйлейді.

– Жиналыста бастығым басқа біреуді жерден алып, жерге салып док көрсете ұрысса да, бас салып киісе де, пәлекеттің оқты көзі айдаладағы маған қадалады да тұрады. Түк түсінсем бұйырмасын, – деп көршім Қалу иығын қушитады.

– Бастығым қонақ шақырса, үйіндегі салат-палатты дайындауды маған артатын болды. Енді қызметім өсе ме? – дейді сыныптасым Бөлекбай көздері бозара қарап.

Күніне келмеді дегенде, он шақты адам әйтеуір бастықтарына байланысты «жөн-жоба» сұрай келеді. Менде ешқашан «отказ» жоқ. Қартамен бал ашқандай ақыл-пұлсыз бәрін жайып салып, алдағыны болжағандай сайрап тұрамын. Бәрінен де бір кереметі бұл тірліктен де әжептәуір бедел жинауға болады екен.

ішкен-жегені бойына жұқпай жүретін, қабырғасын санап алуға болатындай тарамыс арық бастық.

Бала бастық – жасына жетпей ыңыранып, мекіреніп сөйлегенде ернінің ұшы ғана қимылдайтын ұыздай жас бастық. Бұл борсықбет өзі енді оқып тұған, бір-екі университетті тауысқан, сондықтан да өзін мәңгілік бастықтай көреді. Өйткені әкесі, әкесінің әкесі, оның да арғы жағындағылар шегінен бастық болған. Бала бастық қысқа шалбар киіп, бір жарым метрлік галетук тағады. Кабинеті ашаптырым, өзі соның төрінде кішкентай қуыршақтай болып көрінеді. Тапалтақ бойы креслосынан әл-әзер асып тұрады. Мұның алдына жұмыс бітіремін деп бару – күнәнің үлкені. Орынбасарларына барып, қол қойғызып алсаң да жетеді. Бала бастықты той-домалақта төрге отырғызып, сөзді бірінші бермесен, құдайдың тас төбеден қос қолдап тұрып ұрғаны. Енді алтын берсең де, есігінен аттамай кетеді. Бала бастық қолы күйіп қалатындай өлсе де пара алмайды. Бұл жағынан кіно арта алмайсың. Ал пара бергін кеп дінкен құрып бара жатса, үйінде сары тіс, мылжанбай, кәрі пақыр әкесі отыр. Ішіндегіні көзінен оқиды. Сонымен ымыралассаң, бәрі де жайлы болады.

Доғал бастық – қазіргі заманда «Қызыл кітапқа» енетіндей дәрежедегі, санаулы-ақ қалған бастық. Білімі ортадан сәл жоғары болып келеді, қайбір жылдары техникумды сырттай бітіріп алған. Сөйтсе де, екі-үш дипломы бар қарауындағы шенеуніктерді: «Ой, көк милар, оқу ойдан артық емес, сонша жыл қағаз кеміргеннен не пайда, бастарыңның шаригі болмаған соң...» деп қыжыртады да отырады. Кабинетінің іші көкала түгін. Противогаз киіп бармасаң, басың айналып, құлап қалуың да ғажап емес. Апарған қағазыңа сойдақтатып, шиырып қол қояды. Бірақ екінің бірінде мөр басуды ұмытып кетеді. Өйткені оны көп шығарып дағдыланбаған. Мөрі-жаны, төс қалтасына беторамалына орап салып жүреді. Алда-жалда кездесе қалғанда доғал бастық: «Ай, Сәбет үкіметі... қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған дәурен еді... бәрін құртқан таз Ғорбачев...» сөз бастаса, жүре тындамай, құлай қойыңыз. Әйтпесе, сенімен жау болып кетуі әп-сәтте-ақ.

Шоғал бастық – барып тұрған «самародный» бюрократ. Сөзінді ұқыпты тыңдайды, басын шұлғиды да, жұмысын отырып әдемі сөздерімен ет-бауырыңды елжіретіп, өзінің әу баста не шаруанмен кіргенінді есіңнен шығарып жібереді. Қоштасарда оған сен өзін бірдене беретіндей қарыздар боп шыққаныңды аңдамай қаласың. Екінші рет бас сұғуға жүрегің дауаламай қалады. Тағы бірдене түсіп қалам ба деп алыстан амандасасың. Ол болса, қолың көтеріп: «Хабарласып тұрсаңшы...» деп айтудан танбайды. Өмірлік қағидасы бар: «Екі шұқып, бір қара» деген.

Бұллардан да басқа думаншыл бастық, самасау бастық, кума бастық, тома бастық деген, тағы басқа түрлері толып жатыр. Бастық біткеннің ортақ қасиеті – аяғы үйінде, жүрегі хатшы қызда, басы кабинетте, қалтасы қатынында, алақаны айналасында, жағасы жайлауда, ішіп-жері бағыныштыларында, құлағы жоғарыда, аузы төменде.

Ал, ағайын, бастықтар туралы білдің бе? Білсең, мыңың ішінде болсын. Қалтанды қалыңдата бер. Әрі қарай қиын емес. Бұйырған несібе болса, балшып сен де бір креслоға қонжияуың мүмкін-ақ. Сосын дүниені қонышынан басып жүре бер...

Ерғали АБДУЛЛА

Ауылда гай жүр

– Ауылда гай жүр,
Сондықтан жай жүр.
20.00-22.00 арасында
Өздерінің уақытына сай жүр.
Ех, үкімет, 22 сағат ұйықтап,
Екі сағат еңбек ететін.
Ел оны еркелететін,
«Үшәскөбиларды» бай қыл.
– Мәссаған, төртеу екен,
Неге сонша көп?
– Өйткені ауылда «үшәскөби»

– Бар еді ғой, өткенде.
– Өтірігінді сок.
Келді де, 5-6 айда
«Пенсиёға» шықты.
Ержан сияқты отырмады,
Жақсы отырды, ұтты.
– Дейсің ғой, зытты.
– Қазір ешкім жоқ,
Көңіл күпті.
Болсын деп ек құтты,
Өттен, «пенсиёға» шықты.
– Енді не болады?
– Екіде бір болады.
Төртеу түгел жүр.
Демейсің, ауылға қонады.

Ауылдың жыры – сол әлі.
Бас әкім «Сол елде тұрсын» десе
де,
Боп жүр әлі қонағы.
– РОВД әкімді тындамайды
десей,
– Ол жағы белгісіз,
Ержанды сыйдырмады,
Батырға бергісіз.
– Енді не істейміз?
– Баяғы жартас, бір жартас,
Ауыл әкіміне бір жарты аш.
– Оныңды қой енді...
– «Мілітсе» көп,
Ауылда жоқ.
Өйткені бізді қағып кетсе де,
Соғып кетсе де,
Ауданның көңілі тоқ.
– Қараусыз қалдық па?
Пенде жоқ жанды ұққан.
Айта-айта,
Дауыс та қарлыққан.
– Міне, енді осылай,
Кетеміз бе, досым-ай...
МЫРҚЫМБАЙ



Доқтыр ағай

– Е, жігіттер, – деді доқтыр.
Әйелді көп тыңдайсыңдар,
Оларсыз қол ұрмайсыңдар.
Отыр десе, отырып,
Тұр десе, тұрып,
Жүрген сендер – ең соңғы сұрып.
Айтқаныңан шықпайсыңдар,
Көкен айтса, ұқпайсыңдар.
Мен расын айтамын,
Турасын айтамын.
Бетіне тіке қарап тұрып,
Таньтам дара қылық.
Қабақтың қимылымен,
Көздің бағытымен,
Жұмсап отырған мен –
Оның бақытымын.
– Көке, бәрі дұрыс.
Сіздей мықты –
Мықтылардың мықтысы.
Салмағы бар, болады әркез нық
күші.

Кенет есік қағылды,
Әрі жағынан хатшы қыз
табылды.
– Доқтыр ағай, доқтыр ағай,
Әйеліңіз кеп тұр, ағай, –
Дегені сол еді...
Доқтырым бәрін ашып кетті,
Терезеге сыйды да,
Әйелінен қашып кетті...
«Оңбаған» деп кірген дәу
апайдың,
46-ыншы рәзмер етігі –
Қорбайды басып кетті...

КОШҚАРБАЙ



Осы бізге үлгі ғой,
Сіз тәрізді мінезі де тік
кісі, –
Деді қолпаштаған
Қорбай,
Салбыраған борбай.
Токтады ол да
зорға-ай.

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Қызылорда қалалық «Ақмешіт
апталығы» газетінің редакциясы

Бас редактор
Гүлмира ДІЛДӨБЕКОВА

Телефондар:

Бас директор - 40-11-10, 70-11-36 (факс)
Бас редактор - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1009)
Қабылдау бөлмесі - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1023)
Бас редактордың орынбасары - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1022)
Жауапты хатшы, бөлімдер - 40-11-10 (ішкі нөмір - 1013, 1018, 1021)

Газеттің негізін қалаған Әділхан ӘЙІМЕН

Мекен-жайымыз: 120008, Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 4А. Т.Жүргенов атындағы шығармашылық үйі.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат
комитетінде 2019 жылдың 16 сәуірінде қайта тіркелген. Тіркеу куәлігі №17657-Г.
«Ақмешіт апталығы» қалалық газеті КР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті
жүйелері» талаптарына сәйкес КЗ. 4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған.
Аптасына 2 рет, сейсенбі, сенбі күндері шығады.
Жарияланған материалдардағы пікірлер редакция қозғарысымен сәйкес келе бермейтіндігі,
деректер мен мәліметтердің нақтылығына автордың, хабарландыру иесінің жауапты екендігі
ескертіледі. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.



Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,
беттеліп, «АШ» басына үйі» ЖПС сенімгерлік
басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында
басылды. Тел: 8(7242) 40-06-68
Газеттің таралымы бойынша 70-14-08 телефонына
хабарласуға болады.
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі 4 А.

Таралымы 3498 Тапсырыс №1895
Нөмірдің кезекші редакторы Дәулет ҚЫРДАН